№18 (8222)
6 мамыр
СӘРСЕНБІ,
2026 жыл

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кең Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады

ken-zhyloi.kz

Ken-Zhylyoi@mail.ru | ken_jyloi_gazeti | kenzhyloi | ken.jyloi | JYLOINEWS | ken_jyloi_gazeti

* Қарулы күштер

ҚҰРМЕТТІ ЖЫЛЫОЙЛЫҚТАР!

Сіздерді мемлекетіміздің айбынды мерекесі – Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймын!

Бұл күн ел тыныштығы мен тәуелсіздігіміздің беріктігін қалтамасыз ететін ержүрек азаматтарға көрсетілер құрметтің айқын көрінісі. Сіздер – Отанымыздың қорғаны, еліміздің тірегі, бейбіт өмірдің кепілісіздер.

Тәуелсіздігіміз бен тыныштығымыздың, береке мен бірлігіміздің қорғаны болып жүрген баршаңызға зор денсаулық, баянды бақыт, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Әрдайым абырой биігінен көрініп, ел игілігі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Отанға адал, елге жанашыр, отбасыларыңызға қамқор бола беріңіздер!

* 9 мамыр – Жеңіс күні

ҚҰРМЕТТІ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ, ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді аға ұрпақтың өшпес ерлігі мен қайсар рухын айшықтайтын мереке – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жеңіс жолында батылдық пен қайсарлықтың шынайы үлгісін көрсеткен азаматтардың ерлігі – тарихымызда мәңгі сақталатын өшпес тағылым.

Бүгінгі бейбіт күн – халқымыздың ұлы ерлігі мен қаһармандығының, табандылығы мен қайтпас ерік-жігерінің, аға ұрпақтың жанқиярлық ерлігінің жемісі. Ата-бабаларымыз ерлік пен елдікті ту етіп, бүгінгі ұрпаққа бейбіт өмір сыйлаған өлшеусіз еңбектерін ешқашан ұмытпаймыз. Олардың ерлігі – ұрпақ жадында мәңгі сақталатын қасиетті мұра.

Осы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ізгі тілекпен, Жұмабек ҚАРАЖАНОВ, аудан әкімі

Бүгінгі санда:

Көгілдір отын көпке жетеді

Ауданымыздағы табиғи монополия субъектісі болып табылатын «Жылыойгаз» ЖШС 2025 жылды қорытындылап, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тараптар алдында есеп берді.

>>> 3

Ант пен абырой жолында

Әскери қызмет бұл – Отан алдындағы борышты адал орындап қана қоймай, үлкен жауапкершілікті талап ететін салмақты жол. Ал әрбір әскери қызметшінің күнделікті қызметі қауіпсіздік пен тәртіпті сақтап, азаматтардың бейбіт өмір сүруіне тікелей байланысты.

>>> 4

Жеңісті жақындатқан теміржолшы

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында еліміз бірнеше жүздеген мың боздақтарынан айырылды. Бұл ретте «Бәрі де майдан үшін», «Бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегі де бүгінгі жас ұрпаққа аңыз болып қалды.

>>> 5

Құрметті Жылыой ауданының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңізшевройл» ЖШС ұжымы атынан Сіздерді Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – ерлік пен абыройдың, елге адал қызмет етудің символы. Біз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тәуелсіздігін қорғап, тұрғындардың бейбіт өмірін сақтауға үлес қосып жүрген барша азаматтарға зор ризашылығымызды білдіреміз.

«Теңізшевройл» ЖШС басшылығы мен ұжымы атынан Қазақстанның дамуы мен тұрақтылығына қосып жүрген үлестеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Аймақтың бірлесе дамуына мүмкіндік беретін бейбітшілік, келісім мен тұрақтылықты біз жоғары бағалаймыз.

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке және ашық аспан тілейміз. Әр шаңырақта тыныштық, береке мен амандық орнасын!

Билли ЛАКОБИ,
«Теңізшевройл» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей МҰХТАРОВ,
«Теңізшевройл» ЖШС
Бас директорының орынбасары